

«Бекітемін»
«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-
балабақшасы»
МКҚК-ның басшысының м.а:
Б.С.Кияшева 

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шара тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	1. №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК 2023/2024 оқу жылына қамқоршылық кеңес құру. 2. Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту. 3. 2023/2024 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау.	қыркүйек	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасау. 2. Балабақшадағы балалардың қатысымы, науқастану мен сауықтыру жұмыстары	ақпан	Кеңес мүшелері Медбике Дәмбике
3	1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау. 3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.	мамыр	Меңгеруші Кеңес мүшелері Шаруашылық орынбасары

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы қамқоршылық кеңесі

отырысының

№1 хаттамасы

Өткізілген күні: 29.09.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Утегулова Асем Жолдыбаевна

Коржукова Альбина Баянқызы

Тлеугалиева Ақнұр Жанабергенқызы

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі

Кияшева Б.С балабақшада ұйымдастырылып жатқан қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір топтан бір ата-ана Ермагамбетова Асылгүл Сағыновна Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Джанадилова И.А. таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Жаналин Ұлан Мубаракович Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып ата-ана Сапина Алмагүл Жумабаевна тағайындалды.


Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Кияшева Батима Сабитовна қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.


Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Жаналин Ұлан Мубараквич сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Төрағасы:  Жаналин Ұлан Мубараквич

Хатшы:  Сапина Алмагүл Жумабаевна

**№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай- балабақшасының қамқоршылық
кеңесі отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 23.02.2024 жыл.

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Шауменова Д.Б. бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Шауменова Д.Б. балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді: Сапина А.Ж. балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Жаналин Ұ.М. қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:



Жаналин Ұ.М.
Сапина А.Ж.

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы қамқоршылық кеңесі отырысының

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: 28.05.2024 жыл.

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.

Бижанова Г.К.-медбике

2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.

Джанадилова И.А.- әдіскер

3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.

Жаналин Ұ.М.- қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Бижанова Г.К. жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, шалпыдатқыш бассейнде сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері И.А.Джанадилова жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жаналин Ұ.М. 2023-2024 жылы оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Шаирова Д.-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында бассейндегі жұмыстар, құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз.

Каренова А. - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Жазғы мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауа жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Жаналин Ұ.М қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Жаналин Ұ.М.

Сапина А.Ж.